

Кузембаева Мейрамгуль Толеутаевна
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі, зерттеуші-педагог
Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы BINOM мектеп-лицейі

ПӘНДІК ТАҚЫРЫПТАРДЫ САНАЛЫ МЕНГЕРУДЕ PBL ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Осы тақырыпты Бауыржан Момышұлының «Зерттеп білмейінше, білу де, істей алу да мүмкін емес» деген сөзімен бастағанды жөн көрдім, себебі жаһанданған заманның ұрпағын оқыту үшін, осы ұрпақпен бір толқында болуымыз бізге, ұстаздарға, үлкен парыз. Өскелең ұрпақты заманына сай білім нәрімен сусындату – әрекеттің нәтижелі жемісін көрудің бірден-бір жолы.

Әрине, шәкірттерімді қалай оқытсам игі қадам болар еді? – деген ой әрбір өз ісін сүйетін ұстаздың санасында жүреді.

Бүгінгі күнде алдымызда отырған әр шәкірт сабақ үдерісінде өзінің «әрекет иесі» болғанын қалайды. Ол өз көзімен көріп, өз қолымен ұстап, өзі жасағаннан, өзі зерттегеннен, өз кемшілігін өз жетілдіргеннен рақат күй кешеді. Шәкірт қуанады, сәл болса да, мұңаяды, ойланады, шығар жол іздейді. Міне, осындай әрекет үстінде өседі. Өзіне де, айналасына да сүйіспеншілікпен қарайды.

Оқушылардың зерттеу әрекетімен айналысуын кез келген пәнде ұйымдастыруға болады.

Қазақ тілі пәнінен де, қазақ әдебиеті пәнінен де шәкірттерім зерттеумен айналысады. Бұл зерттеу әрекеті PBL деп аталады.

PBL технологиясының негізгі екі бағытына назар аударыңыздар.

PBL	
<p>«Проблемалық оқыту» әдісі «Problem Based Learning» ағылшын тіліндегі атауы. «Проблемное обучение» орыс тіліндегі атауы.</p>	<p>“Жоба негізінде білім алу” әдісі «Project Based Learning» ағылшын тіліндегі атауы. «Обучение на основе проектов» орыс тіліндегі атауы.</p>

«Проблемалық оқыту» әдісі мен “Жоба негізінде білім алу” әдісінің өзіндік ерекшелігін қарастырайық.

«Проблемалық оқыту» әдісі	“Жоба негізінде білім алу” әдісі
<p>Кез келген сабақта қолданылады. Қысқа мерзімді, яғни, бір сабақтың көлемінде қолданылады немесе бір күнге қатарынан қойылған сабақтың көлемінде қолданылады.</p>	<p>Оқу бағдарламасында берілген бөлім бойынша жүргізіледі. Зерттеу ұзақ мерзімге жоспарланады.</p>

«Жоба негізінде білім алу» дегеніміз – ХХІ ғасыр талаптарына сай білім мазмұнын қамту арқылы, ұзақ мерзімде жүргізілетін проблемалық сұрақ негізінде, оқушыларды зерттеу жұмысына тарту үшін қолданылатын білім беру әдісі. ХХІ ғасырда жұмыс берушілерге өз қызметкерлерінің жаттанды теориялық білімінің мықты болуы жеткіліксіз әрі аздық етеді. Олар, қызметкерлерінен, функционалдық сауаттылықты, жан-жақтылықты, сыни тұрғыдан ойлай алуды, қарым-қатынасқа еркін түсе алуды, проблемалардың себебін талдай отыра, дәлелдермен өлшеп, шеше алуды талап етеді. Бұл талаптар бүгінгі оқушының үйренуіне қажет негізгі дағдылар болып табылады.

Жоба негізінде білім алу әдісінің **мақсаты**: Шәкірттерді жаһанданған әлемде бәсекеге қабілетті, инновацияға ашық, өмірде өз орынын таба білуде мақсат қоя алатын қабілетті тұлға болуына икемдеу.

Жоба негізінде білім алу әдісінің **міндеті**:

- ❖ Білімін әртүрлі жағдаятта қолдану арқылы жетілдіру;
- ❖ Үдерістің оқушыны оқуға деген уәжін арттыруға бағытталуы;
- ❖ Оқушының шығармашылық әуелетін жетілдіру.

Сонымен қатар «Жоба негізінде білім алу» әдісінің негізгі **стандарттары**:

- ❖ **Білім беру мазмұнын қамту**: Оқушыларға сапалы білім беріп, қажетті қабілеттерін дамыту кезінде *оқу бағдарламасының бөлімі, оқыту мақсаттары* қамтылады.
 - ❖ **XXI ғасыр қабілеттері**: Жаһандану дәуірінде бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін *сыни тұрғыдан ойлау, топпен жұмыс жасау, қарым-қатынас орнату және креативтілік* сияқты қабілеттері дамытылады.
 - ❖ **Түпкілікті зерттеу**: Оқушылар әртүрлі *ресурстарды* пайдалану арқылы *ұзақ мерзімді зерттеу* жұмысына тартылады.
 - ❖ **Проблемалық сұрақ**: Жобаның түпкі мақсатында зерттелетін тақырып *ашық сұрақ* негізінде туындайды.
 - ❖ **Мақсатты айқындау**: Қызықты мәліметтер негізінде түпкі мақсатқа жетудің жолдарын айқындау арқылы *білім алудың маңыздылығын* түсінеді.
 - ❖ **Оқушылардың таңдау құқығы**: Оқушыларға жұмысты зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдануда және жұмысты қорғауда таңдау еркіндігі беріледі.
 - ❖ **Кері байланыс беру**: Жоба жазу барысында жұмысты жетілдіріп, сапасын арттыру үшін оқушылар арасында кері байланыс жүргізіледі.
 - ❖ **Көпшілік алдында қорғау**: Оқушылар өз жобасын мұғалімдерге, оқушыларға және мектеп ұжымынан тыс көрермендер алдында қорғайды.
- «Жоба негізінде білім алу» әдісін іске асыруда **ұстаздың ұстанымы**:
- ❖ Ұстаз шынайы өмірге негізделген жоба тақырыптарын шәкіртінің қажеттілігіне қарай айқындайды;
 - ❖ Шәкірттердің уәжін, қызығушылығын ояту үшін, бағыттаушы, ынталандырушы сұрақтардың маңыздылығын зерделейді;
 - ❖ Жобаны тиімді іске асыру үшін, бағалау критерийлерін оқушылармен бірге қарастырады;
 - ❖ Оқушылардың еркін әрекет жасауына мүмкіндік туғызады.

Жоба тақырыбын анықтау үшін «БББ» әдісін ұсынамын.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Қазақ тілі немесе қазақ әдебиеті пәнінің бірінен жаңа бөлім бастағанда, «БББ» әдісімен, бірінші, оқушының не білетіні анықталады. Екінші, мәтінді немесе көркем шығарманың үзіндісін оқып шыққаннан кейін «Білдім» бағанын толтырады. Үшінші, «Білгім келеді» бағанына оқушы нені білгісі келетінін жазады. Осындай тәсілмен жоба тақырыбын шығарып алуға болады.

Жалпы «Жоба негізінде білім алу» әдісінде оқушылар тақырыпты зерттей бастағанда «Балық қаңқасы», «5 проблемалық сұрақ», «FILA» тағы басқа да тақырыпты ашығуға тиімді әдістерді қолдану ұсынылады.

«Жоба негізінде білім алуда» не қамтылады?

- ✓ Оқу бағдарламасының бөлімі.
- ✓ Оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаты.

- ✓ Жоба жұмысының тақырыбын таңдау.
- ✓ Жоба жұмысының мақсаты.
- ✓ Критерий.
- ✓ Топтық жұмыс.
- ✓ Кері байланыс.
- ✓ Әдістер.
- ✓ Сандық технология.
- ✓ Нәтиже.

«Жоба негізінде білім алу» әдісі негізінде зерттеу жұмысымен айналысатын білім алушыларда қалыптасатын **қабілет** түрлері:

- ✧ Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады;
- ✧ Өздігінен саналы түрде жұмыс жасауды үйренеді;
- ✧ Шығармашылық қабілеттері дамиды;
- ✧ Өз бетінше ойлау қабілеті артады;
- ✧ Білім алудың жоғары нәтижесіне қол жеткізеді.

«Жоба негізінде білім алу» әдісі негізінде зерттеу жұмысымен айналысқан оқушыларда қалыптасатын **дағды** түрлері:

- ✧ Командамен жұмыс жасай алады;
- ✧ Топқа жетекші болу арқылы көшбасшылық қасиетті ашылады;
- ✧ Кері байланысқа белсенді қатысу және тыңдай білуге үйренеді;
- ✧ Бірлесіп жұмыс істеу және өзара іс-әрекет, көзқараспен пікірлерімен алмасады;
- ✧ Зерттеушілердің сыни көзқарасына сыйластықпен қарауға қалыптасады;
- ✧ Ақпараттарға сыни баға беруді үйренеді;
- ✧ Ресурстарды мақсатқа бағыттап үйренеді;
- ✧ Презентация жасау дағдыларының заманауи тиімді жолдарын игереді.

Зерттеу жұмыстарына оқушыларды жұмылдыру – оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырады, айналасымен етене араласуына мүмкіндік береді.

11-сыныптың қазақ әдебиеті пәні бойынша жаратылыстану-математика бағытындағы оқу бағдарламасында Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесі берілген[3]. Оқушылар «Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі өмір шындығы» тақырыбында жоба жұмысын қорғады. Осы шығарманы зерттеу барысында «11.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету» оқу мақсаты негізінде білім алушылар кейіпкерлерге зерттеу топбында талдау жасады. Кейіпкерлерге талдау жасау барысында білім алушылар «**FILA толтыру**» әдісін қолданды.

Facts-Дерек – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын мінездеулерді жинау және проблемалық фактілерін анықтау.

Ideas-Пікір – кейіпкерді сомдаудағы тура және жанама мінездеулер туралы өзіндік ой-пікір және жағдаяттың тууына себеп болған әрекеттерге көзқарасын білдіру.

Learning-Сұрақ – шығармадағы тура және жанама мінездеуді ашатын сұрақтар, яғни, идеяларды жүзеге асыруға көмектесетін сұрақтар.

Action plan-әрекет ету жоспары – автордың кейіпкерлерді сомдауда қолданған тәсілі және проблеманы шешетін нақты жоспары.

Білім алушыларға зейіндерін шоғырландырып жүйелі әрекет жасау үшін, нақты дескриптор ұсынылды және дескриптормен жұмыс жасау жолы жан-жақты түсіндірілді.

Дескриптор Білім алушы

- шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын мінездеулерді жинайды.
- кейіпкерге қатысты туындаған мәселені анықтайды.
- кейіпкерді сомдаудағы тура және жанама мінездеуге өзіндік ой-пікірін келтіреді.
- кейіпкерге қатысты туындаған жағдаятқа көзқарасын білдіреді.
- шығармадағы тура, жанама мінездеуді ашатын сұрақтар құрастырады және ықтимал жауабын қарастырады.

- автордың кейіпкерлерді сомдауда қолданған тәсілін анықтайды, дәлел келтіреді,
- кейіпкерге қатысты проблеманы шешетін нақты жоспар (шешім) ұсынады.

Білім алушылар кейіпкерлерден Ерік, Айна, Таған, Нүрке кемпір, Шал, Қандауырға талдау жасауды өзара шешіп алды. Білім алушыларға шығармадағы кейіпкерлердің мінездемелерін ашу үшін сұрақтар қоюға, образдар туралы деректер жинақтауға, мінездеме түрлерін анықтау үшін шығармадағы кейіпкерлердің ойлары мен пікірлеріне сүйенуге болатынына ұстаз тарапынан бағыт-бағдар беріледі.

Шәкірттердің топтық зерттеуіндегі кейіпкерлердің бірі – Қандауырға тоқтала кетейін. Қандауыр – шыншыл, мінезі қайратты, тура жүріп тура сөйлейтін, қара қылды қақ жарған әділ адам ретінде суреттеледі. Осы шығармадан Қандауырдың өзінің ана тіліне құрметпен қарағанын көреміз. Өзінің сүйіктісіне қазақ тілін үйреткен. Оған Нүрке апайдың келінімен әңгімесінен үзіндіні келтіруге болады. «...Қандауыр екеуіміз қосылмай тұрып-ақ, қазақтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігіне жасырын дайындалғанбыз, ана тілін үйреткен де Қандауыр», – деп ерекше сезіммен айтады.


Кейіпкерлерге талдау жасау барысында оқушылар осы аттар қандай мағынаны білдіреді және шығу тарихы қандай деген оймен іздене отырып зерделеді.

Оқушылардың ерекше таңғалғаны «қандауыр» сөзі жайлы ақпараттар болды. Олар «қандауыр» сөзінің мән-мағынасына бірнеше нұсқада тоқталып кетті.

Қандауыр – пышақ түрі екен.[4] Адамның басы ауырғанда денедегі арам қанды сыртқа шығару үшін қолданылатын құрал түрі екен. Қандауырмен тіліп, сиыр қарық арқылы, яғни, сиыр мүйізінен жасалған түтік арқылы бастағы арам қанды сорып алатын болған. Пышақтың бұл түрінің қандауыр аталуы да осыдан шыққан. Бұл ертедегі қазақ халқының ем жасау жолдарының бірі. Өте көне ем түрі десек те болады.

Сауалнама қорытындысы

1. "Қандауыр" сөзін естігенде ойыңызға бірден не келеді? Бір сөзбен жазыңыз.



2. Оралхан Бөкей "Атау кер" повесіндегі Еріктің әкесінің есімінің Қандауыр аталуының себебі не деп ойлайсыз? Қысқаша жазыңыз.

- *Қиын дәуірде өмір сүрген.
- *Қандауыр деп ат қойған кезде, ата-анасы қандауыр пышағы секілді өткір адам болсын деген оймен қойған деп ойлаймын.
- *Басқа адамды өз мәдениетін үйренуге мәжбүрледі
- *Автор қоғамды көрсету үшін, қалап қойған аты деп ойлаймын.
- *Менің ойымша, Еріктің әкесі өте өткір әрі шыншыл адамға ұқсауы мүмкін.

Жобамен жұмысы барысында оқушылар сауалнама және сұхбат жүргізді. Сауалнаманың сұрағын бірге талдап, бірге құрастырды. Гугл арқылы сауалнаманы жүргізіп, диаграммасын жасап, сыни талдау жасалды.

Осы жобада биология пәні мұғалімімен, мектеп және емхана дәрігерімен сұхбат жүргізді.

Сонымен қатар «Жоба негізінде білім алуға» Алтай өңірін, Шығыс Қазақстан облысы мен Батыс Қазақстан облысын да зерттеді.

Зерттеу топтары «Адами құндылық пен ұлттық құндылықты» Венн диаграммасына салып, топ арасында кері байланыс жасап, өзара сыни баға берді.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесінің негізгі ұстанымы – «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұлттық, адами құндылықтарымен үндесіп жатыр[5]. Бүгінгі ұрпақтың тәрбиесіндегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұстанымы – халқына адал еңбек ету, заманына сай білімді болу, өнерін ұрпағына үлгі ретінде қалдыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еліміздің рәміздерін, ана тілімізді құрметтеу болып отыр. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық, адами құндылықтарымызды көркем шығармалар арқылы сіңіру басты парызымыз.

Қорытындылай келе, PBL технологиясы негізінде зерттеумен айналысқан білім алушылар өз біліміне өзі жауапкершілікпен қарауы керек екенін түсінеді. Топ алдында, сыныптастары алдында жауапкершілік пен сыйластықты саналы сезінеді.

Осындай әрекет үстіндегі сезім, оларды жаһанданған әлемде бәсекеге қабілетті, инновацияға ашық, өмірде өз орынын таба білуге икемдейді. PBL жобасы аясында шәкірттердің SMART мақсаттарды қалай қою керектігін біліп қана қоймай, түпкі нәтижені де көретініне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://youtu.be/eGWqBZSFgxE?si=QXzS8zhNVsiYX_Fh Анн-Лиз Халворсен. Нелл Дьюк.
2. <https://hechingerreport.org/proof-points-four-new-studies-bolster-the-case-for-project-based-learning/> *Линда Дарлинг-Хэммонд PBL бойынша.*
3. ҚР БҒМ ЖОББ деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
4. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/>
5. ҚР ОАМ «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары.
6. <https://ahaslides.com/kk/blog/project-based-learning-examples-ideas/>
7. https://youtu.be/o52o_3FNVfg?si=4b-S1knkieCnULF6 Дэйв.
8. https://youtu.be/o52o_3FNVfg?si=BS7lth-QVJKg8FUU

Нурғалиева Ботагөз

Филология факультетінің 1-курс магистранты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

*Ғылыми жетекші:
ф.ғ.к., профессор
ассистенті Саменова С.Н.*

УӘЖ ЖӘНЕ УӘЖДІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Қазақ ұғымында «уәж» сөзі белгілі бір іс-әрекетке айтар ой, «дәлел», «түрткі» деген мағынада жұмсалады. Лингвистикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, «уәж» терминінің негізінде жасалған ұғымдардың әрқайсысының өзіндік қызметі, мәні бар. Қазіргі тіл білімінде «уәж» термині «мотив» ұғымының баламасы ретінде қарастырылады. Дүниетанымымыздағы заттар мен құбылыстарға кез келген атау қойыла салмайды. Әр ұғым өзі нысанға алған зат немесе құбылыстың жалпы сипатына, оның ерекшелігіне, өзіне тән қасиетіне негізделеді. Демек, ешбір атау өзі белгілейтін ұғымның қыр-сырын назардан тыс қалдырмайды. Сол себепті, әрбір атаудың уәжін айқындау – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Ғалымдардың зерттеу еңбегінде аталып жүргендей, уәждеме теориясының негізгі мәселелерін алғаш зерттеген ғалымдар В.Гумбольдт, Х.Штейнталь болған. Сөздің ішкі формасы туралы қарастырған А.А. Потемняның жазғаны да осы уәжділік теориясын анықтайды. Тіліміздегі барлық сөз өзіндік бір мән жүктеп, ұғымды білдіріп, сөйлеуде қызмет атқарады. Адам өз ойын басқа біреуге жеткізу үшін, оның түсінікті болуы қажет. Осыған орай күнделікті өмірде қолданғанда, әр тілдегі атаулар белгілі модельдер (үлгілер) арқылы жасалады. Біздің санамызда орныққан олардың табиғи қасиеттері алғашқы ұғымдық сипатынан ажырап, тілдің өзге тұлғалары мен мағыналық варианттары арқылы таңбаланады. Яғни сөздің ішкі мағынасы арқылы тыңдаушы ұғымның жалпы мәнін түсіне алады. Сол себепті, айтылған сөзді әр тыңдаушы әртүрлі қабылдауы, түсінуі мүмкін [1].